Алматы облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне 2022 жылға жүргізілген ішкі талдау бойынша талдамалық анықтама

27.07.2023 жыл **Өтеген батыр ауылы**

Кіріспе бөлімі:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісі болып, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметі (бұдан әрі - Кәсіпорын) қызметі табылады.
2. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы №21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.
3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды Кәсіпорынның 04.07.2023ж. №110-Ө бұйрығымен құрылған келесі құрамдағы жұмыс тобы жүргізеді:
   Ахан Р.А. – кәсіпорын директорының медициналық жұмыстар жөніндегі орынбасары, топ жетекшісі
   Алибаева Г.Е. - кәсіпорын директорының медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары
   Кенжегараев Н.Д. – кәсіпорынның комплаенс-офицері
   Утешева К.Ж. – консультациялық-диагностикалық емхана дәрігері
   Сүйербаева Э.Е. – бас экономист.
4. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаумен 2022 жыл қамтылды.
5. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 17-21.07.2023ж. аралығында жүргізілді.

Сипаттама бөлімі:

1. **Талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі:**

1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде (бұдан әрі - НҚА) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;
2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Кәсіпорын Жарғы негізінде Алматы облысының балаларына стационарлық медициналық көмек көрсетуді, консультациялық-диагностикалық кеңес беруді қамтамасыз етеді.

Кәсіпорын өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ Кәсіпорынның Жарғысына сәйкес іске асырады.

2. **Кәсіпорынның қызметін, оның ұйымдастыру-басқару қызметін реттейтін НҚА мен ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.**

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыс тобы кодекстерді, заңдарды, НҚА, бөлімшелер өз қызметінде басшылыққа алатын құқықтық актілерді зерделеді.

Кәсіпорын қызметінде келесідей НҚА пайдаланады:

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі;

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі» кодексі;

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі;

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» заңы;

Қазақстан Республикасының «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» заңы;

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-291/2020 бұйрығы;

«Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы.

Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығы.

1. Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдардың тізбесін айқындау

Жалпы ауруханa штаты 489,25 бірлікті құрайды, соның ішінде жалпы 9,75 штаттық бірлік бос орын бар. Қызметкерлерді басқару қызметі ҚР заңдарына сай жұмыс атқарады. Қызметкерлерді басқару қызметі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

- Мекемеде белгілі бір себептермен пайда болған бос орындарын еңбек биржасына жариялап, қызметкерлерді жұмысқа қабылдау еңбек биржасы арқылы жүзеге асырылады, бос орындар мәліметі enbek.kz. сайтына жарияланып отырады.
- Жоғары білімді медицина қызметкерлерін (дәрігерлер) жұмысқа қабылдау алдын ала оқу орынымен келісім шарт жасалып, еңбек биржасы арқылы жүргізіледі.
- Қызметкерлердің білімін жетілдіру мемлекеттік сатып алу арқылы жүзеге асырылады. Сондай-ақ шет елдеріне оқуға, семинарға, тағылымдамадан өтуге жіберу тікелей Денсаулық сақтау мекемесінің бұйрығы арқылы жүргізіледі.
- Денсаулық сақтау саласындағы маман сертификаты Қазақстан Республикасының электрондық лицензиялау https://elicense.kz/ порталы арқылы тапсырылып, мерзімі создырылады. Алғаш маман сертификатын алатын мамандар, Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығына https://qazexam.kz/ өтініш беріп, арнайыт тест тапсырып, тесттің нәтижесін және қосымша құжаттарды Қазақстан Республикасының электрондық лицензиялау порталына жіберіп Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық және фармацевтикалық бақылау комитетінің территориалдық департаменті арқылы алады.
- Мамандардың білім құжаттарына (диплом, білім жетілдіру, интернатура, резидентура, магистратура ж/е т.б.) верификация жасалып, білім орындарынан ресми түрде растау қағазы алынады.
- Талдау обьектісінің қызметкерлерінен анонимді түрде сұрақ қою, сауалнама жүргізіледі.

қазандағы № ҚР ДСМ-170/2020 бұйрығына және бекітілген Ақылы медициналық қызмет көрсету бағаларының прейскурантына сәйкес көрсетіледі. Жоғарыда көрсетілген Бұйрықтардың, Стандарттардың талаптары сақталады, сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асыру

Кәсіпорында рұқсат беру функцияларына жүзеге асырылмайды.

5. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру

Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру өкілеттілігі директордың медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасарына жүктелген Азаматтармен байланыс құру арналары азаматтардың арыз-шағымдары мен ұсыныстарын білдіруге арналған жәшіктер арқылы ұйымдастырылған. Жәшік Кәсіпорынның көрнекті, жалпыға қолжетімді орында, тіркеу бөлімі жанындағы үлкен фойеде орналастырылған. Кәсіпорында көрсетілген медициналық қызметке қатысты арыз-шағымдар мен ұсыныстарды білдіру үшін Сенім телефоны жұмыс істейді 8 727 3880195, 8 708 457 13 13. Кәсіпорында Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметі жұмыс істейді. Азаматтар Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметіне арыз-шағымдары мен алғыс, ұсыныстарын жазбаша түрде, телефон желілері арқылы онлайн және оффлайн форматта жеткізе алады.

Сондай-ақ Кәсіпорынның сайтында азаматтардың байланысып, арыз-шағымдары мен ұсыныстарын жеткізе білуді іске асыру үшін Кәсіпорын жетекшісінің тікелей нөмірі мен қабылдау бөлімінің телефоны 8 (727) 251-74-83 көрсетілген. 2022 жылына Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметіне келіп түскен жүгіністердің саны – 72 (Сенім телефоны -52, Облыстық Call-орталығы - 20), ол арыз-шағымдардың ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне, бұзушылықтарына байланысты шағымдар орын алған жоқ.

Кәсіпорынның жалпыға ортақ көрнекі орындарында жеке және заңды тұлғаларыдың арыз-шағымдарын қарау тәртібі туралы ақпарат орналастырылған.

Кәсіпорында бұқаралық ақпарат құралдары, Кәсіпорын сайты, интернет-ресурстерінде талдау нысанына алынып отырған мерзімде Кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық заңнамаларына қатысты бұзушылықтар қамтылған материалдарды анықтау үшін мониторинг жүргізілді, мониторинг нәтижесінде сыбайлас жемқорлық заңнамаларына қатысты бұзушылықтар анықталмады.

6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу

2022 жылы Кәсіпорынға бюджеттен 2 277 203,9 мың теңге: оның ішінде республикалық бюджеттен 1 858 415,6 мың теңге, жергілікті бюджеттен 418 788,3 мың теңге (Кәсіпорын медициналық құрал-жабдықтарды сатып алу). Кәсіпорынның 2022 жылғы жалпы шығыны 2 402 789,30 мың теңге, кредиторлық берешек 125 585,4 мың теңге құрайды.

2022 жылғы Кәсіпорын қызметкерлерінің жалақы қоры – 1 216 790,80 мың теңге, мекеме бюджетінің 65%-ін құрады. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарын сатып алуға 435 208,90 мың теңге жұмсалған (23 %). Коммуналдық шығын 160 602,5 мың теңге (8,6 %), азық-түлік шығындары 98 431,00 мың теңге (5,2 %).

Жалпы қаржы қорының басым бөлігі еңбекақыға жұмсалғандықтан, ағымдағы жөндеу жұмыстары мен ғимаратты күтіп ұстауға, кеңсе және оргтехника, шаруашылық тауарларына қаржы тапшылығы орын алады. Медициналық мекемелерді бюджеттен қаржыландыруды арттыру, МӘМС жүйесінің механизмдерін жетілдіру медициналық мекемелер үшін өте өткір тақырып болып отыр. Кәсіпорында қордаланып, негізгі мәселеге айналатын, түрлі тәуекелдері тудыратын - қаржы көздерінің дұрыс қалыптастырылмауынан орын алып отыр. Медицаналық мекемелерді қаржыландыру мәселесі мен механизмдері оң шешімін таппаған жағдайда, бөлінген қаржы қорының басым бөлігі жалақы қорына кетіп, медициналық қызметті көрсету мен ұйымдастырудың сапасы төмендейді, қаржы жеткілікті бөлінбегендіктен, түрлі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туындауы мүмкін.

7. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу

Кәсіпорында медициналық қызметтер қолданыстағы «Мемлекеттік сатып алулар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына сәйкес жүргізіледі. Сатып алулар жөнінде шарттар жасалып, мемлекеттік сатып алулар ережелеріне сәйкес іске асырылады. Жеке тұлғалармен қажет жағдайда қызметтерді көрсету шарты жасалады, жеке тұлғалар тек кеңес берумен айналысады.

8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану

Кәсіпорын «Жетісу» медициналық ақпарттық жүйесі (МИС), зертханалық ақпараттық жүйесі (ЛИС), СНЭТ (стационарлық науқастарды электронды тіркеу), ЕЖБП (емдеуге жатқызу бюро порталы), АЕК (амбулаториялық-емханалық көмек), РАЖ (радиологиялық ақпараттық

жүйесі), РБЖ (ресурстарды басқару жүйесі) ақпараттық жүйелерімен жұмыс істейді. Кәсіпорында қолданылатын ақпараттық жүйелердің сапасын бақылау деңгейлері – ол ішкі аудит, тәуелсіз сараптама, сыртқы бақылау (мемлекеттік аудит). Ақпараттық жүйелерде жұмыс істеуде осы жүйеде жұмыс істеуші Кәсіпорынның әрбір құзіретті қызметкерлері жауапты. Емдеу процесінің ақпараттық жүйелерде ресімделуін бақылауды Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Алматы облысы бойынша филиалы жүзеге асырады.

9. Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелер

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында жұмысшы тобы мүшелері алдағы уақытта атқарылуы керек мынадай шараларды анықтады:

- Кәсіпорынға қызметке қабылданатын азаматтарды сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатымен таныстыру;
- Кәсіпорын қызметкерлерінің ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларын меңгергендігін анықтау үшін тестілеулер жүргізу;
- Кәсіпорынның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтары мен өзге де заңсыз әрекеттері (не әрекетсіздігі) туралы әлеуметтік желілерде, баспа және электронды бұқаралық ақпарат құралдарында, телеарналар сюжеттерінде жарияланған материалдарға мониторинг жасау;
- Кәсіпорын қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылықтарын жасаған кезде жауапкершілікке тартылатындығын жеткізу, Қызметкерлерді басқару қызметі әрбір қызметкердің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамаларымен танысқандығын растайтын жеке қолдарын қойған құжаттардың жүргізілуін қамтамасыз ету.

Жұмыс тобы:

1. Директордың медициналық жұмыстар жөніндегі орынбасары, топ жетекшісі Ахан Р.А.
2. Директордың медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Алибаева Г.Е.
3. Кәсіпорынның комплаенс-офицері Кенжегараев Н.Д.
4. КД емхана дәрігері Утешева К.Ж.
5. Бас экономист Сүйербаева Э.Е.